

Б.С. Сәрсековтің қызметін қамтамасыз етуге арналған шығыстар сметасын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 27 ақпандағы N 133 Қаулысы

Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің Терроризмге қарсы орталығы Басшысының бірінші орынбасары Бексұлтан Сәрсекұлы Сәрсековтің өкілеттік мерзімінің ұзартылуына байланысты Қазақстан Республикасының Үкіметі

Қ А У Л Ы

Е Т Е Д І :

1. Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің Терроризмге қарсы орталығы Басшысының бірінші орынбасары Бексұлтан Сәрсекұлы Сәрсековтің өкілеттік мерзімі ішінде оның қызметін қамтамасыз етуге арналған шығыстар 2006 жылға арналған республикалық бюджетте 002 "Халықаралық ұйымдарға және басқа да халықаралық органдарға қатысу" бағдарламасы бойынша көзделген қаражат есебінен **б е л г і л е н с і н .**

2. Қоса беріліп отырған Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің Терроризмге қарсы орталығы Басшысының бірінші орынбасары Бексұлтан Сәрсекұлы Сәрсековтің қызметін қамтамасыз етуге арналған шығыстар **с м е т а с ы** **б е к і т і л с і н .**

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2006 жылғы 27 ақпандағы
N 133 қаулысымен

бекітілген

Ескерту. Сметаға өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2007.08.06. N 666 (2007 жылғы 1 сәуірден бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

**Б.С. Сәрсековтің Мәскеу қаласындағы (Ресей Федерациясы)
ТМД-ның Терроризмге қарсы орталығындағы қызметін қамтамасыз
етуіне байланысты шығыстар сметасы**

Шығыстар атауы	Сомасы
Ақшалай қамту	1 000 АҚШ доллары
Тұрғын үйді жалға алу	2100 АҚШ доллары
Бір айдағы шығыстар жиыны:	3100 АҚШ доллары

Барлық ағымдық шығыстар:
2006 - 2008 жылдарға - $2433 \times 15 + 3100 \times 21 = 101595$ АҚШ доллары.
1 АҚШ доллары бағамының 2006 жылы - 127 теңге, 2007 жылы - 117 теңге болғанын ескере отырып, 2006 - 2008 жылдар кезеңінде тағайындалу мерзіміне арналған барлық шығыстар 101595 АҚШ долларын құрайды.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК